

«КИМЭП Университеті» бейкоммерциялық акционерлік қоғам
«КИМЭП Университеті» БАҚ)
акционерлерінің жалпы жиналысында



2026 жылғы 26 мамыр, Алматы қ.
БЕКІТІЛГЕН

№ ____ Хаттама

«КИМЭП Университеті» («КИМЭП Университеті» БАҚ)
БЕЙКОММЕРЦИЯЛЫҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

СМОТРИТЕ
НА ОБОРоте

МАЗМҰНЫ

1. «КИМЭП Университеті» бейкоммерциялық акционерлік қоғамының заңды мәртебесі мен жалпы ережелері.....	3
2. КИМЭП Университеті қызметінің нысаны, мақсаттары мен міндеттері	4
3. Құрылтайшылар.....	5
4. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері	5
5. КИМЭП Университетінің акциялары.....	6
6. КИМЭП Университетін басқару. КИМЭП Университетінің органдары.....	7
6.1. Акционерлердің жалпы жиналысы	7
6.2. Директорлар Кеңесі	9
6.3. Президент Кабинеті	13
6.4. Академиялық Кеңес	14
6.5. Басқа алқалық басқару органдары.....	14
7. КИМЭП Университетінің лауазымды тұлғалары	14
8. КИМЭП Университетінің ақпаратты ашып көрсетуі.....	16
9. КИМЭП Университетіне қабылдау тәртібі.....	16
10. Ақылы қызмет көрсету тәртібі мен тізімі	16
11. КИМЭП Университетінің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және басқа заңды өкілдермен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі	17
12. Білімдік үдерісті ұйымдастыру тәртібі.....	17
13. Білім алушылардың ағымдағы білімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу үлгісі мен тәртібі.....	18
14. Қоғамдық ұйымдар.....	18
15. КИМЭП Университетінің филиалдары мен өкілдіктері.....	18
16. КИМЭП Университетінің жылдық қаржылық есептілігі және аудит	19
17. КИМЭП Университетін қайта ұйымдастыру және тарату	19

1. «КИМЭП Университеті» акционерлік қоғамының заңды мәртебесі мен жалпы ережелері

1.1. «КИМЭП Университеті» акционерлік қоғамы (одан әрі – КИМЭП Университеті немесе Қоғам) Акционерлердің жалпы жиналысының «Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты» акционерлік қоғамын «КИМЭП Университеті» акционерлік қоғамы деп атын өзгерту туралы шешіміне сәйкес құрылды.

1.2. КИМЭП Университетінің толық ресми атауы:

- қазақ тілінде: «КИМЭП Университеті» бейкоммерциялық акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Университет КИМЭП»;
- ағылшын тілінде: «KIMEP University».Non-Profit Joint Stock Company

КИМЭП Университетінің қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде: «КИМЭП Университеті» БАҚ;
- орыс тілінде: НАО «Университет КИМЭП»;
- ағылшын тілінде: NJSC «KIMEP University».

1.3. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Білім туралы» заңдары және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері негізінде әзірленген.

1.4. КИМЭП Университеті ұйымдық-құқықтық акционерлік қоғам түріндегі коммерциялық емес ұйым болып табылады. КИМЭП Университеті негізгі мақсаты ретінде пайда табуды көздемейді, өзінің акциялары бойынша дивидендтер төлемейді, түскен кірісті жарғылық мақсаттарға сәйкес пайдаланады.

1.5. КИМЭП Университеті заңды тұлға болып саналады: меншігінде және басқа заттық құқық негізінде оқшау мүлікке ие; өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға ие болады және иеліктен айыра алады; өз мүлкі шегінде міндеттемелеріне жауап береді; өз атынан сотта сөйлейді; дербес балансқа ие.

1.6. КИМЭП Университеті өзінің құрылтай құжаттары негізінде және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрекет етеді.

КИМЭП Университеті мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігіне ие.

КИМЭП Университеті өзінің қызметін жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру саласында Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте жүзеге асырады. Жоғары оқу орны ретінде КИМЭП Университеті Каталогтың, Оқытушылардың мінез-құлық Кодексі және ішкі тәртіп ережелерін көздейтін басқа құжаттар негізінде әрекет етеді.

1.7. КИМЭП Университеті:

- 1) өз акционерлері берген мүліктің;
- 2) алған кірістің, сондай-ақ заңда көзделген басқа да негіздер бойынша алған мүліктің меншік иесі.

1.8. КИМЭП Университетінің мүлкін қалыптастыру көздері:

- 1) акционерлердің салымдары;
- 2) жұмыстарды жүзеге асыру, білім беру және ғылыми, консалтингтік қызмет көрсетуден, сондай-ақ шаруашылық қызметтің басқа да түрлерінен алынған кірістер;
- 3) бағалы қағаздардан түскен кірістер;
- 4) тегін алған мүлік, демеушілік көмек, қайырымдылық жарналары, Қазақстандық, шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қайырымдылықтары;
- 5) инвестициялар, халықаралық гранттар, донорлардың жәрдемі;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған басқа да түсімдер.

1.9. КИМЭП Университетінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша өзі тікелей (немесе делдалдар арқылы) халықаралық білімдік қызмет жүргізуге құқығы бар.

1.10. КИМЭП Университеті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да құқықтарға ие болып, басқа да міндеттемелер атқарады.

1.11. КИМЭП Университетінің қызметін мемлекеттік лицензиялау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

1.12. КИМЭП Университетін және жекелеген мамандықтарды мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

1.13. КИМЭП Университетін институционалдық аккредиттеу және жекелеген мамандықтарды мамандандырылған аккредиттеу тиісті ұйымдар, соның ішінде халықаралық

ұйымдар белгілеген рәсімге сәйкес жүзеге асырылады.

1.14. КИМЭП Университеті мен оның акционерлері арасындағы даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаралады.

1.15. КИМЭП Университетінің екінші деңгейдегі банктерде есеп және басқа шоттары, соның ішінде валюталық шоты бар.

КИМЭП Университетінің өзінің атауы мен фирмалық белгісі жазылған дөңгелек мөрі, бұрыштық штампы мен фирмалық бланктері бар.

1.16. КИМЭП Университеті атқару органының орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 4 үй.

1.17. КИМЭП Университеті мемлекеттің және өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, дәл сондай-ақ мемлекет пен акционерлер де КИМЭП Университетінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционер Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде КИМЭП Университеті қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

1.18. Осы Жарғыда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес қарастырылады.

1.19. Осы Жарғы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалған. Жарғының көрсетілген тілдердегі мәтіндердің арасында айырмашылық болған жағдайда орысша мәтінге басымдық беріледі.

2. КИМЭП Университеті қызметінің нысаны, мақсаттары мен міндеттері

2.1. КИМЭП Университеті қызметінің нысаны, негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) білім беру мен ғылымның дамуына және білімнің таратылуына жәрдемдесу;
- 2) бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандар даярлау;
- 3) Қазақстан экономикасының әр түрлі саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру;
- 4) ғылыми-педагогикалық кадрларды, әкімшілік және қосалқы қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру;
- 5) маңызды ұлттық және халықаралық проблемаларды шешуге бағытталған іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;
- 6) академиялық үдерісті ұйымдастыру мен есептеудің кредиттік технологиясымен қоса Интернет желісін қолданатын оқытудың озық технологияларын пайдалану; әлемдік ақпарат ресурстарына қатынау мүмкіндігін жасау, оқу орны менеджментінің қазіргі заманғы әдістерін дамыту;
- 7) оқуға гранттар мен жеңілдіктер беру арқылы оқуға жеңілдетілген жағдайлар жасау;
- 8) шетелдік оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен байланыстарды дамыту, кадрларды даярлауға және қайта даярлауға шетелдік ғалымдарды, оқытушылар мен мамандарды тарту, бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, студенттер мен мамандар алмасу бағдарламасын қалыптастыру;
- 9) оқу, оқу-әдістемелік ғылыми және арнаулы әдебиетті әзірлеу және басып шығару;
- 10) студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының жэәне т.б. қатысуымен ғылыми симпозиумдар, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;
- 11) сондай-ақ өзінің бейініне сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да жұмыстар мен қызмет көрсетулерді жүзеге асыру.

2.2. КИМЭП Университетінде келесі мамандықтар бойынша дайындық жүргізіледі:

- «бакалавр» академиялық дәрежесін берумен: Шетел тілі: 2 шетел тілі, Аударма ісі, Когнитивті ғылымдар, Психология, Халықаралық қатынастар, Журналистика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Экономика, Маркетинг, Менеджмент, Есеп және аудит, Қаржы, Ақпарат жүйелері, Компьютер ғылымдары Халықаралық құқық, Құқықтану.
- «магистр» академиялық дәрежесін берумен: Шетел тілі: 2 шетел тілі, Білім беру саясаты және басқару, Халықаралық қатынастар, Халықаралық журналистика, Мемлекеттік және жергілікті басқару, Экономика, Маркетинг, Менеджмент, Есеп және аудит, Қаржы, Басқарушы кадрларға арналған іскерлік әкімшілік, Іскерлік әкімшілік, Халықаралық құқық, Психология.
- PhD философия докторы немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін берумен: Мемлекеттік және жергілікті басқару, Экономика, Маркетинг, Менеджмент, Іскерлік әкімшілік, Маркетинг,

2.3. КИМЭП Университеті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдар аясындағы құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен қарастырылған білім беру, ғылыми, әкімшілік, қаржылық және шаруашылық, басқа да қызметтерді жеке дара жүзеге асыру;
- 2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және енгізу;
- 3) білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту нысандарын, әдістері мен технологияларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде айқындау;
- 4) білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру, оқу процесін ұйымдастыру тәртібін, ағымдағы үлгерім бақылауын, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізуді айқындау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы және (немесе) біліктілік туралы құжаттар беру;
- 6) ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық, зерттеу, сараптамалық және консультациялық қызметті жүзеге асыру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен филиалдар, өкілдіктер, ғылыми орталықтар, зертханалар, институттар, мектептер, факультеттер, кафедралар және өзге де құрылымдық бөлімшелер құру;
- 8) қауымдастықтарға, одақтарға және өзге де бірлестіктерге кіру, сондай-ақ халықаралық білім беру және ғылыми ұйымдардың қызметіне қатысу;
- 9) шет мемлекеттердің білім беру, ғылыми және өзге де ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастықты орнату және дамыту;
- 10) шарт негізінде отандық және шетелдік мамандарды, сарапшыларды, оқытушылар мен ғалымдарды тарту;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шарттар, келісімдер, меморандумдар және өзге де мәмілелер жасасу;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген шектерде мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету;
- 13) мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иелену, міндеттер атқару, сотта талапкер және жауапкер болу;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банктік шоттар ашу;
- 15) Университетті құру мақсаттарына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру;
- 16) Университет қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, саясаттарды, рәсімдерді және өзге де ішкі құжаттарды белгілеу;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдық құрылымды, штат санын, еңбекақы төлеу нысандарын және қызметкерлерді ынталандыру жүйесін дербес айқындау;
- 18) конференциялар, семинарлар, форумдар, курстар, тренингтер, тағылымдамалар және білім беру, ғылыми әрі қоғамдық сипаттағы өзге де іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 19) баспа, ақпараттық және ағартушылық қызметті жүзеге асыру;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі қағидаларда белгіленген тәртіппен қашықтан оқыту технологиялары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру;
- 22) Қазақстан Республикасының заңнамасына және КИМЭП Университетінің мақсаттарына қайшы келмейтін кез келген экономикалық қызметті жүзеге асыру.

3. Құрылтайшылар/Акционерлер

КИМЭП Университетінің құрылтайшылары/акционерлері:

- Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, және
- Чан Ыан Бэнг, Қазақстан Республикасында тұратын АҚШ азаматы

4. Құрылтайшылардың/Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

4.1. КИМЭП Университеті құрылтайшысының/акционерінің құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” заңында және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен КИМЭП Университетін басқаруға қатысуға;
- 2) КИМЭП Университетінің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде осы Жарғыда немесе акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген тәртіпте КИМЭП Университетінің қаржылық есептілігімен танысуға;
- 3) Орталық депозитариядан немесе нақтылы ұстаушыдан оның акцияларға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 4) КИМЭП Университеті акционерлерінің жалпы жиналысына КИМЭП Университеті Директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 5) КИМЭП Университетінің органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;
- 6) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленетін жағдайда “Қазақстан Республикасының “Акционерлік Қоғамдар туралы” заңы анықтайтын жағдайларда, қоғамның лауазымды адамға оның қоғамға келтірген зиянды не залалдарды қоғамға өтеуі туралы, қоғамға залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның аффилирленген тұлғаларының қоғамға қайтаруы туралы талап-арызбен өз атынан сот органдарына жүгінуге құқылы;
- 7) КИМЭП Университетіне оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және КИМЭП Университетінен сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 8) КИМЭП Университеті таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне, өздеріне тиесілі акциялардың пропорционалды мөлшеріне;
- 9) Қазақстан Республикасының заңында көзделген тәртіпте акцияларды артықшылықпен сатып алуға;
- 10) ҚР “Акционерлік қоғамдар туралы” заңында көзделген тәртіпте акционерлердің жалпы жиналысымен қоғамның акциялар санын өзгерту немесе оның түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға қатысуға;
- 11) Қазақстан Республикасымен қарастырылған басқа да құқықтар.

4.2. Сонымен қатар ірі акционердің құқықтары:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының кезектен тыс шақырылуын талап ету немесе акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан Директорлар Кеңесі бас тартқанда оны шақыру туралы шағыммен сотқа жүгіну;
- 2) Директорлар Кеңесінің мәжілістерін шақыруды талап ету;
- 3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін жүргізуін талап ету;

4.3. КИМЭП Университетінің акционерінің міндеттері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) КИМЭП Университетінің орталық депозитарийі мен аталмыш акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыға КИМЭП Университетінің акцияларын ұстаушылардың тізілім (реестр) жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) КИМЭП Университеті немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

4.4. КИМЭП Университеті осы Жарғының 4.3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды акционердің орындамау салдары үшін жауапкершілік атқармайды.

5. КИМЭП Университетінің акциялары

5.1. КИМЭП Университеті өз қызметін жүзеге асыру үшін қаржы тарту мақсатымен акциялар шығарады, олардан түскен пайда тек қана КИМЭП Университетінің дамуына жұмсалады.

5.2. КИМЭП Университеті тек қана жай акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

5.3. КИМЭП Университетінің ерекше артықшылықтағы акцияларды, туынды және айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқығы жоқ.

5.4. КИМЭП Университетінің шығаратын акцияларды сатып алуға, опциондар жасасуға құқығы жоқ.

5.5. КИМЭП Университеті өз акциялары бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді.
5.6. Акция бөлінбейді. Егер акция бірнеше тұлғаның жалпы меншігінде болса, олардың барлығы бір акционер болып саналады да, өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарын пайдалана алады.

5.7. Акция иеленген әрбір акционерге басқа акция иелерімен бірдей толық көлемде құқық береді.

5.8. КИМЭП Университетінің жай акциясы дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

5.9. КИМЭП Университетінің акцияларымен мәмілені жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіп бойынша жүргізіледі.

5.10. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу ҚР заңына сәйкес жүзеге асырылады.

6. КИМЭП Университетін басқару. КИМЭП Университетінің органдары

КИМЭП Университетінің органдары:

- 1) жоғарғы орган - акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - Директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Президент Кабинеті;
- 4) КИМЭП Университетінің Академиялық Кеңесі;
- 5) Атқарушы органың шешімі бойынша құрылған басқа алқалық басқару органдары.

6.1. Акционерлердің жалпы жиналысы

6.1.1. Қоғам акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

6.1.2. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның аудиттелген жыл сайынғы қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) Акционерлердің қоғамның жұмысына және оның лауазымды тұлғаларына қарым-қатынас мәселелері және оларды қарастыру нәтижелері қарастырылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы КИМЭП Университетінің акционерлеріне Директорлар Кеңесі және Президент Кабинеті мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат береді.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылатын қабылданған шешімдер мен басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

6.1.3. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылады:

- 1) КИМЭП Университетінің Жарғысына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) КИМЭП Университетін өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 3) КИМЭП Университетінің жарияланған акциялар санын көбейту туралы шешім қабылдау;
- 4) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесі мүшелеріне сыйақылар мен шығыс өтемақыларын төлеудің мөлшері мен шарттарын белгілеу;
- 5) КИМЭП Университетінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 6) КИМЭП Университетінің жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 7) КИМЭП Университетінің өзге заңды тұлғаларды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы немесе КИМЭП Университетіне тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылардың (акционерлердің) құрамынан шығуы туралы шешімдер қабылдау;
- 8) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес КИМЭП Университетінің акцияларды сатып алу жағдайында олардың құнын анықтау әдістемесі мен әдістемесіндегі өзгерістерді бекіту;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 10) Акционерлерге КИМЭП Университетінің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу;
- 11) нәтижесінде Қоғамның мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күнгі активтерінің

баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін болатын), сондай-ақ нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін болатын) жағдайда Қоғаммен ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдау.

- 12) Қоғамның ірі мәміле жасау туралы шешім қабылдауы, оның (олардың) нәтижесінде Қоғаммен мүлік иелігінен айрылады (иелігінен айрылуы мүмкін). Оның құны мәміле туралы шешімдер қабылдаған күнге Қоғамның активтерінің теңгерім құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайды, нәтижесінде оның (олардың) елу және одан да көп пайызы иеліктен айрылады (иеліктен айрылуы мүмкін).

6.1.4. Осы Жарғының 6.1.3 тармағының 2), 3), 8) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер КИМЭП Университетінің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті басым көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысушы КИМЭП Университетінің дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

6.1.5. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше қарастырылмаса, шешім қабылдауы акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді КИМЭП Университетінің лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің және басқа органдардың құзыретіне беруге жол берілмейді.

6.1.6. Акционерлердің жалпы жиналысы КИМЭП Университетінің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша КИМЭП Университеті өзге ұйымдарының кез келген шешімін өзгертуге құқылы.

6.1.7. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Есеп кезеңі ішінде аудитті аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

6.1.8. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар Кеңесі шақырады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар Кеңесінің;
- 2) ірі акционердің *бастамасымен шақырылады.*

6.1.9. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындауды және оны өткізуді жүзеге асырады:

- 1) атқарушы орган – КИМЭП Университетінің Президент Кабинеті;
- 2) онымен жасалған Шартқа сәйкес орталық депозитарий;
- 3) Директорлар Кеңесі;
- 4) Қоғамның Тарату комиссиясы.

6.1.10. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін орталық депозитарий КИМЭП Университетінің акцияларын ұстаушылардың тізімі деректерінің негізінде жасайды. Көрсетілген тізімнің жасалу мерзімі КИМЭП Университеті Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған мерзімнен бұрын белгіленбейді.

6.1.11. Егер де Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, бұл тізімге енгізілген жеке/занды тұлға КИМЭП Университетінің өзіне тиесілі дауыс беруші акцияларынан иеліктен шығарылған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға меншіктік құқығын растайтын құжаттар көрсетілуі керек.

6.1.12. Егер де жиналысқа қатысушыларды тіркеу мерзіміне дейін оған қатысуға және дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, жиынтығында КИМЭП Университетінің дауыс беруші акцияларының елу және одан да көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырып, шешімдер қабылдауға құқылы.

6.1.13. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күні мен уақытын оған қатысуға құқығы бар адамдардың басым көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс. Қоғам акционерлері қатысушы тәртіпте, бейне байланыстың кез келген құралын пайдалана отырып қашықтан өткізілген акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісіне қатысуға құқылы.

6.1.14. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру қаржылық есептілік депозитарий интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы немесе оларға жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз тасушыда немесе электрондық түрде жіберіледі.

6.1.15. Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысын бастапқы (өткізілмеген) акционерлердің жалпы жиналысының белгіленген мерзімінен бұрын өткізуге болмайды.

Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

6.1.16. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар Кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуы тиіс.

6.1.17. Қатысушы тәртіпте өткізілген акционерлердің жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар Кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алған ұсыныстары туралы мәлімдеуге міндетті.

6.1.18. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған КИМЭП Университеті дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысымен сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау жағдайында акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және/немесе толықтырылмайды.

6.1.19. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастырып, ол бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.

6.1.20. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда аталмыш мәселелер жөнінде негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс.

6.1.21. КИМЭП Университеті Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылған үміткерлер туралы келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты;
- 2) білімі жөніндегі мәліметтер;
- 3)
- 4) үміткердің біліктілігін растаушы ақпарат, сонымен қатар жұмыс орны және соңғы үш жылдағы лауазымдық қызметі туралы мәліметтер.

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) жөніндегі мәселені енгізген жағдайда материалда Директорлар Кеңесі мүшесіне ұсынылған үміткер қандай акционердің өкілі болып табылады немесе ол қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне үміткер болып табыла ма, осы мәселе көрсетілуі тиіс.

Егер Директорлар Кеңесі мүшесіне үміткер акционер не болмаса акционер емес және акционердің өкілі ретінде Директорлар Кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кепілдік берілмеген) жеке тұлға болып табылса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімін жасау күніне КИМЭП Университетінің дауыс беруші акционерлерінің иелену үлесі туралы деректерді кіргізе отырып, материалдарда көрсетуге жатады.

6.1.22. Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу жөніндегі шығындарды КИМЭП Университеті өзі өтейді.

6.1.23. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;
- 2) Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс беруді ұсыну.

6.1.24. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын әдіспен жүргізілген жағдайда мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру жасырын тәсілмен жүргізілетін әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуы тиіс.

6.1.25. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлердің дауыс берумен бірге (аралас дауыс беру) немесе КИМЭП Университеті акционерлерінің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей-ақ қолданылуы мүмкін.

6.1.26. Қоғам акционерлері акционерлердің жалпы жиналысының күндізгі нысанда өткізілетін отырысына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (мысалы, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet) пайдалану арқылы қашықтан қатысуға құқылы.

6.2. Директорлар Кеңесі

6.2.1. КИМЭП Университетінің стратегиялық даму мәселелерін әзірлеу және шешу, білім берудің ең озық халықаралық технологияларын пайдалану, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен

халықаралық академиялық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қазақстан мен шетелдік мемлекеттердің ғылым, білім беру, бизнес және мемлекеттік ұйымдарының жоғары беделді өкілдерінен Директорлар Кеңесі құрылады. Директорлар Кеңесінің мүшелері КИМЭП Университеті акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады.

6.2.2. Директорлар Кеңесі осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, КИМЭП Университетінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

6.2.3. КИМЭП Университеті Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) КИМЭП Университеті дамуының басым бағыттарын анықтау, даму стратегиясы мен жоспарларын бекіту;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, соның ішінде жарияланған акциялардың шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) КИМЭП Университетінің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы және олардың бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) КИМЭП Университетінің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) КИМЭП Университетінің бюджетін бекіту;
- 7) барлық академиялық бағдарламаларға оқу құнын бекіту;
- 8) Президент Кабинетінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы (КИМЭП Университетінің Президенті) мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) КИМЭП Университеті Президент Кабинетінің Төрағасы (Президенті) мен Президент Кабинеті мүшелерінің еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 10) корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін белгілеу, анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық айлық ақысының мөлшері мен сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғам акцияларының төлеміне берілген не болмаса ірі мәмілелер нысаны болып табылатын нарықтық мүлік құнын бағалау бойынша бағалаушының көрсеткен қызметіне төлем мөлшерін анықтау;
- 12) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғам жұмысын ұйымдастыру мақсатында атқарушы ұйыммен қабылданған құжаттарды қоспағанда), соның ішінде қоғам акцияларына жазылу және аукциондар өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту.
- 13) КИМЭП Университетінің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;
- 14) қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену (мүліктен айыру) туралы шешімдер қабылдау;
- 15) КИМЭП Университеті он және одан артық пайыз акцияға (жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне) ие болатын заңды тұлғаның акционерлер (қатысушылар) жалпы жиналысының құзыретіне кіретін қызмет жөніндегі мәселелер туралы шешімдер қабылдау;
- 16) КИМЭП Университетінің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;
- 17) КИМЭП Университеті немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
- 18) КИМЭП Университетінің басқа заңды тұлғаларды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешімдер қабылдау (оларды қабылдау осы Жарғымен және Заңмен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған шешімдерді қоспағанда);
- 19) КИМЭП Университеті бекітілуіне мүдделі ірі мәмілелер және мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау.
- 20) Директорлар Кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 21) штаттық санды бекіту;
- 22) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу төлемақысының мөлшерін бекіту;
- 23) өзіндік үлгідегі білімі туралы құжаттарды толтыру талаптары мен формаларын бекіту;

- 24) академиялық құрылымдық бөлімдерді құру және тарату туралы шешімдер қабылдау;
- 25) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білімдік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 26) профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымын конкурстық негізде ауыстыру ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 27) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 28) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасын әзірлеу;
- 29) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының эндаумент-қорын құру;
- 30) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қаржылық және материалдық қаражаттың қосымша көздерін тарту;
- 31) шетелдерде филиалдар құру;
- 32) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын өз бетінше мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келетін талаптардан төмен емес деңгейде белгілеу;
- 6.2.4. Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу үшін кворум Директорлар Кеңесі мүшелері немесе оның заңды өкілдері санының жартысынан кем болмауға тиіс.
- 6.2.5. Осы Жарғының 6.2.3. тармағының 3, 4, 14, 16, 20 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің мәжіліске қатысқан мүшелерінің үштен екі дауысымен қабылданады. Басқа мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің мәжіліске қатысқан мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 6.2.6. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді КИМЭП Университеті Президент Кабинетінің шешуіне беруге болмайды.
- 6.2.7. Директорлар Кеңесінің Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
- 6.2.8. Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесіне анағұрлым маңызды мәселелер қарастыру және ұсыныстар даярлау үшін келесі мәселелер бойынша комитеттер құрылуы мүмкін:
- стратегиялық жоспарлау;
 - академиялық мәселелер;
 - қаржылық мәселелер;
 - даму,
 - студенттік мәселелер;
 - кадрлар және сыйақылар;
 - қоғамның ішкі құжаттарында көзделген басқа мәселелер.
- 6.2.9. Директорлар Кеңесі комитеті нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімге ие сарапшылар мен Директорлар Кеңесінің мүшелерінен тұрады.
- 6.2.10. Атқару ұйымының басшысы Директорлар Кеңесі комитетінің (терінің) төрағасы бола алмайды.
- 6.2.11. Директорлар Кеңесі комитеттерінің жұмысы мен құру тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар Кеңесі бекіткен қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.
- 6.2.12. Тек жеке тұлға ғана Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алады.
- 6.2.13. Директорлар Кеңесінің мүшелері:
- акционерлер-жеке тұлғалар;
 - Директорлар Кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдар;
 - басқа адамдар (осы Жарғының 6.2.15 тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.
- 6.2.14. Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау Директорлар Кеңесіндегі бір орынға бір үміткер дауысқа түскендегі жағдайды қоспағанда, дауыс беру бюллетеньдерін пайдаланумен кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір үміткерді жақтап толық дауыс беруге немесе оларды Директорлар Кеңесінің мүшелеріне бірнеше үміткер арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған үміткерлер Директорлар Кеңесіне сайланған болып есептеледі.
- Егер Директорлар Кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп үміткер тең дауыс санын алса, онда бұл үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

6.2.15. Директорлар Кеңесінің акционері емес және акционерлердің өкілі ретінде Директорлар Кеңесіне ұсынылмаған жеке тұлға Директорлар Кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдардың саны Директорлар Кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы керек.

6.2.16. КИМЭП Университеті Президент Кабинетінің мүшелері, оның Төрағасынан (КИМЭП Университетінің Президентінен) басқасы, Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Президент Кабинетінің Төрағасы (КИМЭП Университетінің Президенті) Директорлар Кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

6.2.17. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуы тиіс. Директорлар Кеңесі құрамының отыз пайыздан кем емес пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

6.2.18. Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

6.2.19. Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Өкілеттік мерзім акционерлердің жаңа Директорлар Кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

6.2.20. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

6.2.21. Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар Кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Егер хабарламада Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмеген болса, онда өкілеттік Директорлар Кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

6.2.22. Директорлар Кеңесінің бір немесе одан да көп мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Кеңестің жаңа мүшесін (лерін) сайлау акционерлердің кумулятивтік дауыс беру жолымен өтеді, бұл ретте әр дауыс беруге қатысатын акцияға Директорлар Кеңесіне сайланатын мүшелердің жалпы санына тең дауыстар саны келеді. Бұл орайда Директорлар Кеңесінің қайта сайланған мүшесінің (лердің) өкілеттігі жалпы алғанда Директорлар Кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

6.2.23. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелерінің арасынан сайланады (Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша жасырын немесе ашық дауыс берумен).

6.2.24. Директорлар Кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

6.2.25. Директорлар Кеңесінің Төрағасы Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді.

6.2.26. Директорлар Кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6.2.27. Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру, дайындау және өткізу Қазақстан Республикасының “Акционерлік қоғамдар туралы” заңына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2.28. Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыру, дайындау және өткізуді корпоративтік хатшы жүзеге асырады, оның лауазымы КИМЭП Университетінің штаттық кестесінде қарастырылған. Корпоративтік хатшы – Директорлар Кеңесі немесе (және) КИМЭП Университеті Президент Кабинетінің мүшесі болып табылмайтын акционерлік қоғам қызметкері, оны Директорлар Кеңесі тағайындаған және оның қарауында, сондай-ақ өзінің қызметі шеңберінде Директорлар Кеңесі мен акционерлердің жиналысын дайындап-өткізуді бақылайды, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Директорлар Кеңесінің мәжілісіне материалдар дайындауды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін бақылау жүргізеді. Корпоративтік хатшының қызметі мен күзінеттілігі қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6.2.29. Директорлар Кеңесінің қарауына ұсынылған мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдай алады.

6.2.30. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетендердің қоры болған жағдайда қабылданған деп танылады.

6.2.31. Директорлар Кеңесінің сырттай мәжілісінің қабылданған шешімі жазбаша хатталып және оған Директорлар Кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшының қолдары қойылуы керек.

6.2.32. Директорлар Кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі әлеуетті жанжалдарды, соның ішінде қоғам мүлкін заңсыз пайдалану және мүдделілік танытқан мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауы және оны мүмкіндігінше жоюы;

2) қоғамдағы корпоративтік басқарудың тиімді тәжірибесіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

6.2.33. Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізу кезінде күн тәртібіндегі мәселелер

бойынша хабарлама мен материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру аяқталатын күнге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күні бұрын жіберіледі.

6.2.34. Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері күндізгі нысанда өткізілетін отырысқа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (мысалы, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet) пайдалану арқылы қашықтан қатысуға құқылы.

6.3. Президент Кабинеті

6.3.1. КИМЭП Университетінің ағымдағы қызметіне Президент Кабинеті басшылық жасайды.

6.3.2. Президент Кабинетінің мүшесі акционерлер және акционер емес КИМЭП Университетінің қызметкерлері бола алады.

6.3.3. Президент Кабинетінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтауды, оның Төрағасы (КИМЭП Университетінің Президенті) мен мүшелерін сайлауды, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес КИМЭП Университеті Директорлар Кеңесі жүзеге асырады.

6.3.4. КИМЭП Университетінің атынан Президент Кабинетінің Төрағасымен (КИМЭП Университетінің Президентімен) жасалатын еңбек шартына Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе осыған Директорлар Кеңесінің немесе Акционерлердің жалпы жиналысында уәкілеттік берген адам қол қояды. Президент Кабинетінің қалған мүшелерімен жасалатын еңбек шартына КИМЭП Университетінің Президенті қол қояды.

6.3.5. КИМЭП Университетінің Президент Кабинеті Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

6.3.6. КИМЭП Университеті Президент Кабинетінің Қазақстан Республикасының заң актілерімен және осы Жарғымен КИМЭП Университетінің лауазымды тұлғалары мен басқа органдарының құзыретіне жатқызылмаған КИМЭП Университетінің кез келген іс-әрекет мәселелері, соның ішінде қаржы менеджменті (бюджетті дайындауды қоса алғанда), стратегиялық жоспарлау, студенттерді қабылдау (оқушыларды қабылдауды жүзеге асыру стратегиясы мен саясатын қоса алғанда), Қоғамның ұйымдық құрылымын әзірлеу мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқығы бар.

6.3.7. Президент Кабинетінің мәжілісін өткізу үшін кворум Президент Кабинеті мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауға тиіс.

6.3.8. Президент Кабинетінің шешімдері мәжіліске қатысып отырған Президент Кабинеті мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

6.3.9. КИМЭП Университеті Президент Кабинетінің Төрағасы (Президент):

- 1) осы Жарғы ережелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) КИМЭП Университетінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады және оның жұмысының пәрменділігі үшін жауапкершілік атқарады;
- 4) Президент Кабинетінің жұмысына басшылық жасайды;
- 5) Жұмыс берушінің өкілі ретінде әрекет етеді, еңбек қатынасына және еңбекпен тікелей байланысты қатынастарға жауап береді;
- 6) штаттық кестені бекітеді;
- 7) Президент Кабинеті мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік пен жауапкершілік саласын бөледі. Өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін Президент Кабинеті мүшелерінің біріне жүктейді;
- 8) академиялық және әкімшілік этика нормаларының жүзеге асуын қамтамасыз етеді;
- 9) Бекітілуі КИМЭП Университетінің акционерлердің жалпы жиналысының, Академиялық Кеңесі мен Директорлар Кеңесінің құзіреттілігіне жататын құжаттарды қоспағанда, КИМЭП Университетінің ішкі жұмыстарын реттейтін құжаттарды бекітеді;
- 10) КИМЭП Университетінің резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтайды;
- 11) КИМЭП Университеті филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды;
- 12) үшінші тұлғалармен қатынастарда КИМЭП Университеті атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 13) үшінші тұлғалармен қатынастарда КИМЭП Университеті атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді.

14) коррупциямен күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және көрсетілген жұмыс үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

15) «ірі мәміле» ұғымына жатпайтын мәмілелер бойынша КИМЭП Университетінің мүлкін иеліктен алуға құқығы бар.

6.4. Академиялық Кеңес

6.4.1. Академиялық мәселелер бойынша басқару органы Академиялық Кеңес болып табылады, оған профессор-оқытушылар құрамының мүшелері кіреді.

6.4.2. Академиялық Кеңестің құрамына тағайындау/сайлау рәсімін, сандық құрамын, оның мүшелерінің өкілеттік мерзімін және осы Жарғымен реттелмеген басқа мәселелерді белгілеу КИМЭП Университетінің Президент Кабинеті бекіткен Академиялық Кеңестің жұмысы туралы ережеде көзделген тәртіп бойынша анықталады.

6.4.3. КИМЭП Университеті Академиялық Кеңесінің құзіретіне мына мәселелер кіреді:

1) КИМЭП Университетінің академиялық бағдарламаларын алдын-ала бекіту және Президент Кабинеті мен Директорлар Кеңесі келешекте бекіту үшін ұсыныстар беру;

2) Профессор-оқытушылар құрамын жұмысқа қабылдау жоспарын әзірлеу және профессор-оқытушылар құрамының ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру жоспарын алдын-ала бекіту, әрі қарай қарау үшін Президент Кабинетіне ұсыныстар жіберу;

3) Бюджетті, стратегиялық жоспарды, профессор-оқытушылар құрамын қабылдау және профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік мінез-құлық кодексі мәселелерін талқылауға қатысу;

4) КИМЭП Университетінің Кatalогын әзірлеу және Президент Кабинетінің бекітуіне жіберу;

5) Таңдап алған мамандықтары бойынша толық оқу курсын бітірген тұлғаларға академиялық дәрежелер тағайындау;

6) Құрметті дәрежелер мен академиялық атақтар тағайындау.

6.4.4. Академиялық Кеңес жиналысының кворумы Академиялық Кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауға тиіс.

6.4.5. Академиялық Кеңес шешімдері жиналысқа қатысып отырған Академиялық Кеңес мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Академиялық Кеңес Төрағасы Академиялық Кеңестің барлық мүшелерінің жай көпшілік дауысымен сайланады.

6.4.6. Академиялық Кеңес жиналысы жылына кем дегенде екі рет өткізіледі.

6.4.7. Академиялық Кеңестің құзыреттілігіне жататын аса маңызды мәселелерді қарау үшін және Академиялық Кеңестің қарауына ұсыныстар дайындау үшін Академиялық Кеңестің жұмыс комитеттері құрылуы мүмкін.

6.5. Басқа алқалық басқару органдары

6.5.1. Атқару Комитеті Президенттің немесе Президент Кабинетінің талап етуі бойынша жиналып, мәжіліс өткізеді.

6.5.2. Атқару Комитетіне кіретіндер: проректорлар, проректор орынбасарлары, ассоциативті вице-президенттер, декандар, маркетинг және коммуникация бойынша директор, бас бухгалтер және бас заңгер. Атқару Комитетінің рөлі – қажет болған жағдайда Президент Кабинетіне нұсқаулар мен ұсыныстар беру және жәрдемдесу.

6.5.3. Атқару Комитетінің мәжіліс кворумы Атқару Комитеті мүшелерінің жалпы санының үштен екісінен кем болмауы тиіс.

